

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурста қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау ережесін және "Қазақстанның үздік тауары" өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 шілдедегі № 1167 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 125 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған конкурста қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау ережесін және «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 шілдедегі № 1167 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 34, 329-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған конкурста қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау ережесінде (бұдан әрі – Ереже):

2-1 және 2-2-тармақтар алып тасталсын;

2-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2-3. Сыйлық алуға арналған конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – конкурсты ұйымдастырушы) болып табылады.»;

3-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) оның қызметінің және сапа саласындағы нақты нәтижелерінің деңгейін өзіндік бағалауды білдіретін конкурста қатысушының есебін – А4 форматындағы 38 парақтан аспайды»;

3) есепке қосымшаны (диаграммалар, графиктер, кестелер, құжаттардың көшірмелері) – А4 форматындағы 30 парақтан аспайды;»;

3-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) менеджмент жүйесіне арналған сертификаттардың көшірмесін қамтитын құжаттар жиынтығын тапсырады.»;

8-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) конкурс ұйымдастырушысы комиссиясының конкурста қатысушылардың

материалдарын алдын ала бағалауы және олар бойынша алдын ала қорытынды дайындауы.» ;

9-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Конкурса қатысушылардың материалдары мен қызметіне жергілікті жерлерде алдын ала бағалау жүргізу үшін конкурсты ұйымдастырушының шешімімен сапа менеджменті жүйелерін сертификаттау жөніндегі сарапшы-аудиторлар мен тиісті білім саласындағы мамандар, қоғамдық бірлестіктердің, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері арасынан сараптамалық топтар құрылады.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Сараптамалық топтар жергілікті жерлерде конкурса қатысушылардың материалдары мен қызметін алдын ала бағалауды жүргізгеннен кейін құжаттар жиынтығы мен сараптамалық қорытынды 15 қыркүйекке дейінгі мерзімде конкурсты ұйымдастырушыға жіберіледі.»;

12-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Конкурса қатысушылардың материалдарына алдын ала бағалау жүргізу және олар бойынша алдын ала қорытынды дайындау үшін конкурсты ұйымдастырушының шешімімен сапа менеджменті жүйелерін сертификаттау жөніндегі сарапшы-аудиторлар мен тиісті білім саласындағы мамандар және өзге де мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатарынан Конкурсты ұйымдастырушының комиссиясы құрылады.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Конкурсты ұйымдастырушының комиссиясы ұсынылған материалдарды алдын ала бағалауды жүргізгеннен кейін және сараптамалық топтардың сараптамалық қорытындыларын қарап осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдын ала қорытынды шығарады және конкурсты ұйымдастырушыға жібереді.»;

көрсетілген Ережеге 1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын ;

көрсетілген Ережеге 2-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Конкурса қатысушы

Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы _____

Заңды мекенжайы _____»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы туралы мәліметтер

Қызметкерлердің жалпы саны _____

Филиалдар саны (болған кезде) _____

Шығарылатын өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) аса маңызды түрлерінің үш атауы), СЭҚ ТН коды _____»;

көрсетілген Ережеге 3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес

редакцияда

жазылсын;

көрсетілген Ережеге 5-қосымшада:

«Заңды тұлғаның атауы» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы»;

кесте мынадай мазмұндағы 10, 11-тармақтармен толықтырылсын:

«

10. Сапа көрсеткіштерінің тұрақтылық деңгейі (менеджменттің сертификатталған жүйелерінің болуы)				
11. Кәсіпорынның саланың дамуына қосқан үлесі туралы салалық қауымдастықтың бағасы (бар болса)				

» ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау ережесінде (бұдан әрі – Ереже):

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-конкурсының (бұдан әрі – конкурс) ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – конкурсты ұйымдастырушы) болып табылады, «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-конкурстарының ұйымдастырушылары облыстар, республикалық маңызы бар қала мен астананың кәсіпкерлер палаталары (бұдан әрі – өңірлік конкурстарды ұйымдастырушылар) болып табылады.»;

көрсетілген Ережеге 1-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда ж а з ы л с ы н ;

8-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Сараптамалық топтардың құрамына жергілікті атқарушы органдардың, сапа менеджменті жүйелерін сертификаттау жөніндегі сарапшы-аудиторлар мен тиісті білім саласындағы мамандар, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің қатарынан тағайындалатын төраға, сарапшылар кіреді.»;

15-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) алдын ала сараптамалық қорытынды дайындайтын сапа менеджменті жүйелерін сертификаттау жөніндегі сарапшы-аудиторлар мен тиісті білім саласындағы мамандар, өзге де мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің қатарынан тағайындалатын төраға, оның орынбасары, сарапшылар кіреді.»;

көрсетілген Ережеге 2-қосымшада:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Конкурсқа қатысушы туралы мәліметтер

Қызметкерлердің жалпы саны _____

Филиалдар саны (болған кезде) _____

Шығарылатын өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің)

аса маңызды түрлерінің үш атауы, СЭҚ ТН коды _____»;
көрсетілген Ережеге 3-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес
редакцияда жазылсын;
көрсетілген Ережеге 4-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес
редакцияда жазылсын;
көрсетілген Ережеге 5-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес
редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 11 наурыздағы
№ 125 қаулысына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы Президентінің
«Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған
конкурса қатысушылардың материалдарын
ресімдеу, ұсыну және алдын ала
бағалау ережесіне
1-қосымша

**Тіркеу нөмірі _____ Конкурсты ұйымдастырушы –
Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан
Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын
алуға арналған конкурса қатысуға арналған
өтінім**

1. _____ Өтінім беруші
Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы

Мекенжайы _____
Жұмыс істеу кезеңі _____
2. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің басшысы

Тегі, аты, әкесінің аты _____
Лауазымы _____
Мекенжайы _____

Қызметтік телефоны, факс _____

3. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің сипаттамасы

Қызметкерлердің жалпы саны _____

Филиалдар саны (бар кезде) _____

Қ о с ы м ш а :

Қ ұ ж а т т а р _____ ж и ы н т ы ғ ы .

Б а с ш ы н ы ң _____ қ о л ы

_____ жылғы «__» _____

Қ а з а қ с т а н _____ Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң _____

2 0 1 5 _____ ж ы л ғ ы _____ 1 1 _____ н а у р ы з д а ғ ы

№ _____ 1 2 5 _____ қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің

«Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған

конкурса қатысушылардың материалдарын

ресімдеу, ұсыну және алдын ала

бағалау ережесіне

3-қосымша

Негізгі көрсеткіштер туралы ақпаратты ұсыну нысаны

Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алатын ұйымның атауы _____

Р/с №	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Алдыңғы 2 жылда		Өсу қарқыны %	Бизнес-жоспар
			20__ жылы	20__ жылы		
1	Негізгі капиталға инвестициялар көлемі	млн. тг.				
2	Өндірілген өнім көлемі	млн. тг.				
3	Өнімдерді жеткізудің жалпы көлемінде экспортқа жеткізудің үлес салмағы	%				
4	Экспорттың өсу қарқыны	%				
5	Рентабельділігі	%				
6	Жұмыс істеушілердің орташа айлық саны	адам				
7	Орташа айлық еңбекақы	тг.				

Кәсіпорын _____ басшысы _____

Бас бухгалтер _____

Қ а з а қ с т а н _____ Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң _____

2 0 1 5 _____ ж ы л ғ ы _____ 1 1 _____ н а у р ы з д а ғ ы

№ _____ 1 2 5 _____ қ а у л ы с ы н а

3-қосымша

«Қазақстанның үздік тауары»
өңірлік және республикалық
көрме-конкурстарына ұсынылатын
материалдар мен өнімді ресімдеу,
ұсыну және алдынала сараптамалық
бағалау ережесіне
1-қосымша

Тіркеу нөмірі _____

Конкурсты ұйымдастырушы

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына Өтінім

1. Өтінім беруші

Конкурса қатысушының атауы _____

Мекенжайы _____

Жұмыс істеу кезеңі _____

2. Басшы

Тегі, аты, әкесінің аты _____

Лауазымы _____

Мекенжайы _____

Қызметтік телефоны, факс

3. Конкурса қатысушының сипаттамасы

Қызметкерлердің жалпы саны _____

Филиалдар саны (бар болса) _____

Қ о с ы м ш а :

1) сауалнама - декларация;

2) сәйкестік сертификаттары мен сапа және қауіпсіздік туралы қорытындылардың көшірмелері (бар болса);

3) менеджмент жүйесіне арналған сертификаттардың көшірмелері (бар болса);

4) негізгі параметрлер мен сипаттамалардың сандық мәндері көрсетілген өнімнің негізгі тұтынушылық қасиеттерінің сипаты;

5) конкурса қатысушылар өз нәтижелерін және осы көрсеткіштердің өзгеру үрдісін бағалайтын көрсеткіштер;

6) конкурса қатысушылар қызметінің нәтижелері туралы ақпарат.

Басшының қолы

20__ ж. «__» _____

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2015

жылғы

11

наурыздағы

№

125

қаулысына

4-қосымша

«Қазақстанның үздік тауары»

өңірлік және республикалық

көрме-конкурстарына

ұсынылатын материалдар мен

өнімді ресімдеу, ұсыну және

алдын ала сараптамалық

бағалау ережесіне

3-қосымша

«Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясы

Облыс _____

Ұйым _____

Өнім _____

Бұйымның қорытынды балы _____

Сараптамалық бағалау кестесі

Р/с №	Өлшемдер, талаптар, көрсеткіштер	Сарапшылар (Т.А.Ж.)	Орташа балл
1	2	3	4
1	Отандық аналогпен салыстырғанда тұтыну ерекшелігінің деңгейі (1-10 балл)		
2	Өндірілетін өнім көлеміндегі экспортқа шығарылатын өнім үлесі (10 % үшін 1 балл)		
3	Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда конкурста ұсынылған өнімді өндіру көлемінің ұлғаюы (әрбір 10 % үшін 1 балл)		
4	Тұтынушылар, мемлекеттік бақылаушы органдар сатып алатын ұйымдардың тарапынан сараптамалық-расталған шағымдардың болуы/болмауы (0, 10 балл)		
5	Тұтынушылардың, сатып алатын ұйымдардың пікірлері (республиканың әртүрлі өңірлерінен және одан тыс жерлерден кемінде 10 ресми ресімделген) (0, 10 балл)		
6	Өнімдегі жергілікті қамту үлесі (әрбір 10 % үшін 1 балл)		
7	Сапа көрсеткіштерінің тұрақтылық деңгейі (менеджменттің сертификатталған жүйелерінің болуы) (әр сертификат үшін 0, 10 балл)		

8	Өнімнің қауіпсіздігін растайтын көрсеткіштер тұрақтылығының деңгейі (сәйкестік сертификаты, сәйкестік декларациясы) (әр сертификат/декларация үшін 0, 10 балл)							
9	Өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттыру мақсатында компанияның маркетингтік саясатының тиімділігі (1-10 балл)							
10	Бұйымды дайындаған кезде қолданылатын инновациялар («ноу-хаудың», өнертабыстың, патенттердің болуы, конструкциялардың жаңалығы) (0, 10 балл)							
Бұйымның қорытынды балы (S (сомасы) орг. балл)								

Комиссия төрағасы (Т.А.Ж.) _____

Сараптамалық топ хатшысы (Т.А.Ж.) _____

Сараптамалық топ мүшелері _____

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 1

н а у р ы з д а ғ ы

№ 1 2 5

қ а у л ы с ы н а

5-қосымша

«Қ а з а қ с т а н н ы ң ү з д і к та у а р ы »

өңірлік және республикалық

көрме-конкурстарына ұсынылатын

материалдар мен өнімді

ресімдеу, ұсыну және алдын ала

сараптамалық бағалау ережесіне

4-қосымша

«Халық тұтынатын үздік тауарлар» номинациясы

Облыс _____

Ұйым _____

Өнім _____

Бұйымның қорытынды балы _____

Сараптамалық бағалау кестесі

Р/с №	Өлшемдер, талаптар, көрсеткіштер	Сарапшылар (Т.А.Ж.)	Орташа балл
1	2	3	4
1	Отандық аналогпен салыстырғанда тұтыну ерекшелігінің деңгейі (1-10 балл)		
2	Өндірілетін өнім көлеміндегі экспортқа шығарылатын өнім үлесі (10 % үшін 1 балл)		

3	Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда конкурста ұсынылған өнімді өндіру көлемінің ұлғаюы (әрбір 10 % үшін 1 балл)						
4	Әлеуметтік маңыздылық деңгейі (аналогпен салыстырғанда бағасы және тұтынушылардың түрлі санаты үшін қазақстан нарығындағы қолжетімділігі) (1-10 балл)						
5	Тұтынушылар, мемлекеттік бақылаушы органдар сатып алатын ұйымдардың тарапынан сараптамалық-расталған шағымдардың болуы/болмауы (0, 10 балл)						
6	Тұтынушылардың, сатып алатын ұйымдардың пікірлері (республиканың әртүрлі өңірлерінен және одан тыс жерлерден кемінде 10 ресми ресімделген) (0, 10 балл)						
7	Өнімдегі жергілікті қамту үлесі (әрбір 10 % үшін 1 балл)						
8	Сапа көрсеткіштерінің тұрақтылық деңгейі (менеджменттің сертификатталған жүйелерінің болуы (әр сертификат үшін 0, 10 балл)						
9	Өнімнің қауіпсіздігін растайтын көрсеткіштер тұрақтылығының деңгейі (сәйкестік сертификаты, сәйкестік декларациясы) (әр сертификат/декларация үшін 0, 10 балл)						
Бұйымның қорытынды балы (S (сомасы) орт.балл)							

Комиссия төрағасы (Т.А.Ж.) _____

Сараптамалық топ хатшысы (Т.А.Ж.) _____

Сараптамалық топ мүшелері _____

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 1

н а у р ы з д а ғ ы

№

1 2 5

қ а у л ы с ы н а

6-қосымша

«Қ а з а қ с т а н н ы ң ү з д і к т а у а р ы »

өңірлік және республикалық

көрме-конкурстарына ұсынылатын

материалдар мен өнімді

ресімдеу, ұсыну және алдын ала

сараптамалық бағалау ережесіне

5-қосымша

«Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы

Облыс _____

Ұйым _____

Өнім

Бұйымның қорытынды балы

Сараптамалық бағалау кестесі

Р/с №	Өлшемдер, талаптар, көрсеткіштер	Сарапшылар (Т.А.Ж.)	Орташа балл
1	2	3	4
1	Отандық аналогпен салыстырғанда тұтыну ерекшелігінің деңгейі (1-10 балл)		
2	Өндірілетін өнім көлеміндегі экспортқа шығарылатын өнім үлесі (10 % үшін 1 балл)		
3	Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда конкурсқа ұсынылған өнімді өндіру көлемінің ұлғаюы (әрбір 10 % үшін 1 балл)		
4	Тұтынушылар, мемлекеттік бақылаушы органдар сатып алатын ұйымдардың тарапынан сараптамалық-расталған шағымдардың болуы/болмауы (0, 10 балл)		
5	Тұтынушылардың, сатып алатын ұйымдардың пікірлері (республиканың әртүрлі өңірлерінен және одан тыс жерлерден кемінде 10 ресми ресімделген) (0, 10 балл)		
6	Өнімдегі жергілікті қамту үлесі (әрбір 10 % үшін 1 балл)		
7	Сапа көрсеткіштерінің тұрақтылық деңгейі (менеджменттің сертификатталған жүйелерінің болуы (әр сертификат үшін 0, 10 балл)		
8	Өнімнің қауіпсіздігін растайтын көрсеткіштер тұрақтылығының деңгейі (сәйкестік сертификаты, сәйкестік декларациясы) (әр сертификат/декларация үшін 0, 10 балл)		
9	Өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттыру мақсатында компанияның маркетингтік саясатының тиімділігі (1-10 балл)		
10	Бұйымды дайындау кезінде қолданылатын инновациялар («ноу-хаудың», өнертабыстың, патенттердің болуы, конструкциялардың жаңалығы) (0, 10 балл)		
Бұйымның қорытынды балы (S (сомасы) орт.балл)			

Комиссия төрағасы (Т.А.Ж.) _____

Сараптамалық топ хатшысы (Т.А.Ж.) _____

Сараптамалық топ мүшелері _____